


Академик
В. Р. ВИЛЬЯМС

ТОПЫРАҚ ТАНУ


ЕГІНШІЛІК
ТОПЫРАҚ ТАНУ
НЕГІЗДЕРІМЕН

ССРО Жоғары білім министрлігі
университеттер үшін, ауылшаруашылық,
орманшаруашылық және педагогикалық
институттер үшін оқулық есебінде рұқсат
еткен



ЖАЛПЫ РЕДАКЦИЯСЫН БАСҚАРҒАН:
ауылшаруашылық ғылымының докторы
профессор Г. З. БИЯШЕВ

АУДАРМАШЫЛАР:
агроном К. РАЙБАЕВ
Н. АРЫКОВА, О. ОСПАНОВ



B.P. Babbage.

РЕДАКЦИЯДАН

Академик В. Р. Вильямстің бұл кітабына оның топырақ тану және егіншілік жөніндегі классиктік еңбектері кіреді. Мұның бірінші бөлімі — топырақ тану, екінші бөлімі — топырақ тану негіздерімен қоса алғандағы егіншілік.

Автор «Топырақ тану негіздерімен қоса алғандағы жалпы егіншілік» деп атаған осындай тұтас курсты В. Р. Вильямс алғаш рет 1927 жылы жариялады. Бірінші басылуынан кейін көп үзамай екінші басылуы (1930 жылы), одан кейін үшінші басылуы (1936 жылы) баспадан шықты. 1938 жылы автор кітапты қайта қарап, толықтырып баспаға әзірлеп, төртінші рет бастырып шығарды. Бұл кітап 1938 жылы басыланған тексті бойынша жарияланып отыр.

В. Р. Вильямс осы басылуына арналған алғысөзінде, топырақты егіншіліктің ғылми негізі және іске басшылық деп түсінетіндігін жазған. «Біздің бұл еңбегіміз ауылшаруашылық дақылдарының түсімін үздіксіз және шексіз арттыру шарттарын түсіндіруге арналған. Топырақты зерттеудің бүкіл системасын табиғат денесі және оның маңызды белгісі — адам еңбегінің жемісі болып табылатын топырақ құнарлығы ретінде біз өндірістің осы өте маңызды тәжрибелік міндеттерін шешуге бағындырып отырмыз. Бұл сыйылды бағындырудан топырақ тану теориясы ұтылған жок, қайта ұтып шықты. Топырақ жөніндегі ғылымды тәжрибе жүзіндегі ауылшаруашылық өндірісімен байланыстырып, біз топырақ құралу процесін реттеп басқаратын зандалықтарды, топырақтың эволюциялық дамуын, неғұрлым толық және барлық жағынан тексеріп шығуға мүмкіндік алдық».

В. В. Докучаевтың, П. А. Костычевтың ғылми табыстарын сын көзімен қарап игеріп, олардың барлық таңдаулы және прогрессивтік жақтарын алып, В. Р. Вильямс агрономиялық ғылым жасады да, оны егіншіліктің шөптанапты системасы деп атады.

В. Р. Вильямстың топырақ дамуының және оның құнарлылығының зандары туралы ілімі, оны творчестволық жолмен пайдаланған кезде,

құнарлылықтың жаратылсын басқару үшін теориялық негіз болып алды және ССРО-ның европалық бөлегінің далалық және орманды-далалық аудандарында табиғатты өзгерту жоспарын жүзеге асыру ісінде ерекше маңызы болып отыр.

Өзінің құрамына дұрыс ауыспалы егіс системасы, топыракты өндіу системасы, тыңайтқыштар системасы және ағаш егу, егін қорғайтын орман алқабын жасау арқылы ауылшаруашылық территориясын дұрыс үйымдастыру системасы кіретін егіншіліктің шөптанапты системасы ауыл шаруашылығының салаларын дұрыс үштастыру, егіннің түсімділігін арттыру және мал шаруашылығын өркендету міндеттерін шешуге көмектеседі.

В. Р. Вильямстың осы кітапта жарияланып отырған еңбектері еліміздің ауылшаруашылық жоғарғы оқу орындары үшін топырақ тану мен егіншілік жөніндегі негізгі оқулық болып келді және негізгі оқулық болып қалады да. Бұл кітапта кейбір кате практикалық ұсыныстар мен нұсқаулар бар. Соңдықтан оқулықтың жаңа басылуында В. Р. Вильямстың практикалық ұсыныстар мен нұсқаулары жөніндегі кате қағыйдалары түзетілуге тиіс. Шығармалар жыйнағында автордың тексті ешбір өзгертусіз және жөндеусіз қалдырылды, кітапты оқыған кезде мұны ескеру керек.

В. Р. Вильямстың негізгі қателерінің бірі • — оның күздік егіс дақылдарына теріс көзқарасы. Ол бір кезде күздік егістер деген шаруашылықтың техникалық мешеулігінің, оның стихиялығының көрсеткіші болып табылады деді. Мысалы, 1927 жылы басылып шыққан «Топырақ тану'негіздерімен коса алғандағы егіншілік» кітабында В. Р. Вильямс былай деп жазды: «Оның үстіне, ауыспалы егісте күздік егістердің болуы шаруашылықтың техникалық мешеулігінің өлшемі болып табылатынын, соңдықтан күздік егістердің ауыспалы егісте болуы логикалық және экономикалық жағынан жеткілікті дәлелденбей, көбінесе олардың • ағыммен ғана қалдырылып жүргенін ұмытпау керек» (443-бет).

В. Р. Вильямс кейіннен күздік егістерге шаруашылықтың стихиялық көрсеткіші ретіндегі өзінің қарсылығын бәсендете тұрсада, бірақ қатесін жөндемеді, сөйтіп оның күздік егістерге теріс көзқарасы қалып қойды. Мысалы, 1938 жылы В. Р. Вильяме былай деп жазды:

«Күздік стихиялық астық деп тану оның ауыспалы егістегі маңызын төмендегідей деп көбірек үйғарады. Бұл пікірдің негізі жай ғана түсінбеушілік болып табылады. Күздіктің стихиялығы оның кемшілігі емес, қайта, орасан зор артықшылығы, артықшылық оның қауіпсіздендіру астығы деген маңызын толық актап бере алады. Мұнымен қабат, күздік асықтың қандай ауыспалы егісте болсын тағы бір өндірістік зор маңызы бар, ол — егін салу дәуірін күздігүні және жазғытұрымғы уақытқа бөліп, астық жыйнауды ұзағырақ уақытқа созады да, ауылшаруашылық өндірісіндегі энергия және еңбек жұмсаудың ең қысылшаң кезеңдерін жеңілдете түседі.

Кейбір «галымдар» біздің күздіктерді стихиялық астық деп тануымызды ССРО-да күздік егістердің көлемін дереу азайту керек деген ұсыныс Деп түсіндіруге тырысады. Ал енді, ең алдымен егіншіліктің шөптанапты системасын өндіру негізінде, өндірісте еліміздің су режимін салалы түрде баскаруды үйреніп алудың, шөптанапты ауыспалы егістер мен жаңа сорттарды өндіру негізінде жаздық астықтардан жоғары және тұракты өнім алу ісін үйренуіміздің керек екендігі жүрттың бәріне де (тек әлдеқандай ғана, ғалым атанып жүрген, жоғары айтылған адамдарды

санамағанда) түсінікті болар деймін. Басты міндегі, міне, осы. Бұл міндегі шешілген кезде, шаруашылықтағы жаздық егістер мен күздік егістердің арақатынасын қайта қарау мәселесі өзінен-өзі келіп туады».

Жоғарыда айтылғандардан, В. Р. Вильямстъщ күздік егістерді елдің барлық аудандары үшін бірдей бағалайтындығы көрініп отыр. Алайда, кейбір аудандарда, кейбір зоналарда өзінің биологиялық жаратылысы жағынан күздік егістердің жаздық егістерден түсімділігі едәуір көп болғандығы және көп болатындығы жақсы мәлім. Керісінше, кейбір зоналарда жаздық егістердің түсімі күздік егістердің түсіміне қарағанда анағұрлым көп болды және көп болады да. Сонымен, тіпті су режимін менгеріп алған жағдайдың өзінде де, оның ішінде суармалы жерлерде де, кейбір ауданда күздік егістердің, ал екінші бір ауданда жаздық егістердің түсімділігі артық болады.

В. Р. Вильямс шөптанапты егістікті күздің аяқ шенінде гана жырту керек деп ұсынып, қате жіберді. Мұның өзі көпжылдық шөпті жер құйқаларын күздік егіске пайдалануга мүмкіндік бермеді, ал слідің бірсынан аудандарында климаттық және шаруашылық жағдайға қарай көпжылдық шөпті жер құйқаларына күздік дақылдарды егуге болатыны былай тұрсын, қайта егу керек.

Автордың мынадағы үзілді-кесілді тұжырымына келісуге болмайды: «Шымды жерді, сол сыяқты аңызды шолактүреңді плугпен жыртқан кезде жұмысы әрі ауыр, әрі зыянды болып келетін дискалы және жайтырманы, маланы қолданудың қажеті болмай қалады». Мұндай тұжырымды дұрыс деп санауға болмайды, өйткені көп ретте тырма мен маланы қолдану агротехникалық жағынан қажет болады.

В. Р. Вильямстъщ осы еңбектері топырақ тану ғылымын дамытуда, ауыл шаруашылығы мамандарын даярлауда, социалистік егіншіліктің мәдениетін көтеруде үлкен роль атқарды. Ғылым мен тәжрибе қызметкерлерінің міндегі — В. Р. Вильямстың ілімін онан әрі творчестволық жолмен дамытып іске асыру.

Осы енбекті баспаға әзірлеуге доцент И. П. Гречин мен доцент Н. П. Колпенская катысты.

Т. Д. Лысенко.
В. П. Бушинский.
М. Е. Чижевский.



АВТОРДАН (Бірінші басылуына)

Оқушылардың алдында жатқан бұл кітап, менің білуімше, Советтік Социалистік Республикалар Одағының ауылшаруашылық өндірісін үйімдастыру принциптеріне техникалық база жасауды көздеген ең бірінші талап болып табылады.

Бұл жұмыс қолжазба күйінде қалған, көлемді жұмыстан басталды, мен оны ССРО Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының ауылшаруашылық секциясының мүшесі есебінде жұмыс істеп жүргенімде жазған едім. Мен бұл жұмысты жазғанда губернялар жөніндегі нақты мәліметтер негізінде, ауылшаруашылық өндірісін социалистік жолмен жоспарлауды үйімдастырудың болашағына жол аштын өндіріс мүмкіншіліктерін то-лық есептеп шығаруға үмтүлдым.

Тимирязев ауылшаруашылық академиясының ауылшаруашылық экономиясы мен саясат факультетінің президиумі топырақ тану жөніндегі 111мді, осы 111мнен ауылшаруашылық өндірісін үйімдастыру қажеттілігі үшін туатын 111ммен біріктіріп, ықшам бір курс етіп шығаруға ұсыныс жасады. Өндірісті жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайдың талаптарына және табиғаттың ерекшелік талаптарына сай келетін принциптер негізінде үйімдастырудың ортақ идеясын талдап шешуге Академияның жұмысына жаңадан тартылған жас күштердің ішінен таймай творчестволық күш жұмсайтын кайраткерлер шығар деген батыл сенім бұл ұсынысты қабылдауыма себеп болды.

Сонымен бірге өсімдік шаруашылығының өндірістік міндеттерін камтытын арнаулы дисциплиналар жөніндегі нақты және теориялық материалдарды қайта құрып, қайта бөлудің қажеттілігі толғағы піскен мәселе екендігін әлдекашан айқындалп бергім келіп жүр еді.

Кәзіргі уақытта Академияда екі түрлі негізгі курстар оқытылып жүр: жалпы егіншілік және жеке егіншілік. Бұл екі түрлі курстың ішінде егіншілік пен өсімдік шаруашылығының элементтері курделі комбинациялар арқылы үштасып кеткендіктен, өздерінің дұрыс дамуларын өзара қызындастып отыр.

Тегінде, оқыту мұдделеріне негұрлым сай келтіріп, және әсіресе ғылыми мәселелерді талдаш шешу мұддесіне сай келтіріп барлық оқытылуға жататын материалдарды жалпы егіншілік, жеке егіншілік, **жалпы өсімдік шаруашылығы**, жеке өсімдік шаруашылығы деген төрт түрлі курсқа бөлген дұрыс болар еді.

Бұл курстардың көлемі мен мазмұны олардық аттарынан келіп шығады.

[1927 ж.]



ҮШІНШІ РЕТ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ

Топырақ танудың агрономиялық жоғары оку орындарындағы ролі мен маңызына ешбір күдік келтіруге болмайды. Оның ролі ауыл шаруашылығының барлық даму сатысында топырақтың негізгі өндіріс құралы болатындығымен белгіленеді. Теория жағынан алғы қарағанда ауыл шаруашылығында топырақтың, өсімдіктің және ауаның негізгі өндіріс құралы ретінде алатын орындары бірдей. Адамзаттың әлеуметтік-экономикалық өндіріс қатнастары дамыған сайын, ауыр және жецил индустрияның табыстары молайған сайын адамзат «табиғаттың өндіргіш күштерінің» бүл үшеуін барған сайын өзінің қажетіне бағындыруды үйрениді, дәл осында топырақ танудың маңызы ерекше көзге түседі, топырақ тану «табиғаттың өндіргіш күштерінің» үшеуін де төртінші және ең басты талаптарға — социалистік жоспарлы еңбек өнімінің талаптарына бағындыруды үйретеді.

Ал ауылшаруашылық өндірісінің барлық салаларында социалистік еңбек өнімділігінің дәрежесі, еңалдымен, егіс түсімінің көлемі мен тұрақтылығын белгілейтін топырақ құнарлылығының нәтижесіне байланысты болады, мұның өзі агрономиялық жоғары оку орындарында топырақ танудың маңызын немесе алатын орнын белгілеп беретіндігі әбден туған ікті.

Топырақ тану бірінші бөлімінде, топырақты «негізгі және жаппай өндіріс құралына» айналдырған қасиетті белгілердің даму процесін, оның табиғи құнарлылығын зерттейді. Осы зерттеудің негізінде және әлеуметтік-экономикалық өндіріс қатнастарының тарихи дамуы түрғысы негізінде, ауыр өнеркәсіп пен транспорт жетістіктерінің дәрежесі негізінде топырақ тану ғылымы неғұрлым пайдалы топырақ құнарлылығына жету және оны қолдан отыру шарттарының социалистік системасын жасап шығарды.

Бұл системаны зерттеу және оның топырақтан тыскары, ауылшаруашылық өсімдіктері топтарының өзгешеліктеріне, өндірістің өз ерекшеліктеріне және бүкіл халық шаруашылығы комплексіндегі басқа өндірістерге экономикалық-саяси қатыстарына байланысты негіздерін зерттеу топырақ танудың екінші бөлімін құрайды. Ёл бөлім әдетте, жалпы алғанда егіншілік деп аталады.

ССРО-ның жоғары ауылшаруашылық оку орындарында топырақ тану мен жалпы егіншілік екі бөлім құрап, көбінесе өзалдына екі дисциплина ретінде екі кафедрада оқытылады.

Бұл, сөз жоқ, буржуазиялық ғылымның мұрасын сын көзімен кара-май алғандықтан туған өте өрескел қате. Әйткені тұтас топырақ тану ғылымындағы екі бөлімнің органикалық байланысын ажыратып тастау, сонымен қатар топырақ танудың жасыл жемшөп базасын үйімдастыру жөніндегі тарауын ол ғылымнан бөліп «шабындық» тіпті ол-олма «жемшөп өндіру» ғылымына айналдыру фактасының өзі бұл «дисциплина-ларды» жалған ғылми жолға салып, оларды ресми-дедуктивтік логика негізінде, яғни, механистік бағытта дамытуға әкеліп соқтырады. Олар маркстік-лениндік-сталиндік диалектиканың өндіріспен тікелей байланысының басты негіздерін көріне жояды, сондықтан өндірістің қажетін өтей алмайды, бұл қалпында өндіріске тек зиян келтіреді.

Бірінші бөлім, топырак тану «ғылымға арналған ғыдымды», педологияны, «таза ғылымды», «ешкімге қажеті жоқ ғылым деп қарайды, Әйткені оның ресми, яғни морфологиялық, сан белгілеріне негізделінген қортын-дыларын топырақтың сапалы белгілеріне негізделген өндіріс пайдалана атмайды. Педологияның бір бөлімін гана академик Л. И. Прасоловтың ең-бектерінде өте жақсы баяндалған картография бөлімінің ғана негізгі өн-діріс құрал-жабдықтарын инвентаризациялау ретінде өпдірістік мәні бар.

Екінші бөлім — ғылми базадан қол үзіп, өзалдына дисциплинаға ай-налған егіншілік бөлімі ССРО-ның әртүрлі аймақтарында, облыстарында, республикаларында және шет мемлекеттерде топырақпен калайша, не нәрсемен айналысады, онымен қалай шұғылданады деген мәселелер-дің тізімі ғана болып калады, топырақты қалай өндеуге мүмкін дегенді ғана тексереді, бірақ соның бәрінен топырақты қалай өндеу керек деген қортынды істеуге ешбір мүмкіндік болмайды, немесе олар ғылми база жасауга және өндіріспен байланыс жасауға тырысып егіншіліктің барлық, системасын «тәжрибе жұмысының» нәтижелері негізінде құрады, басқаша айтқанда олар тәжрибе жұмысын жүргізгенде зерттелінетін жағдайдан басқа жағдайлардың бәрін біркелкі етіп беруден алынған мәліметтерді механистік жолмен түрлі комбинациялар арқылы қортынды жасау негізінде құрады. Бұл арада топырақта болатын күрделі процес-тердің барлық жағдайларының өзара байланыстылығы мен өзара тәуел-ділігі нәтижесінде — бір жағдайдың сан жағынан өзгеруі барлық басқа жағдайларды сан жағынан өзгеретіндігін ұмытып кетеді. Бұл өзгерістер, жыйнала келіп, қарама-қарсы түрге, сапа жағынан өзгешелікке айна-лады. Сондықтан тәжрибе участогінен алынатын өнім көптеген өзге-рістердің нәтижесі болып табылады; олай болса көптеген белгісіз белгі-лері бар мұндай теңгермені жай механистік жолмен шешуге мүмкін емес. Ол диалектикалық жолмен де талдануға көнбейді, Әйткені бір жағ-дайдан басқа барлық жағдайлардың өзгерістері, әдетте, белгісіз болып қалады.

Ақырында, топырақ тану мен жалпы егіншіліктің органикалық бай-ланыстылығын қолдан ажыратудың үшінші нәтижесі — екеуін механис-тік жолмен қосуға күр босқа әрекеттеген болып шығады. Қазіргі уақыт-та бұл екеуін механистік жолмен қосу көбінесе ғылми дисциплинаға мұлде сыйыспайтын өте өрескелдік, күрделі биологиялық және микро-биологиялық процестердің орнына жай химиялық реакцияларды колда-ну жолымен істеліп жүр. Олар теориялық химияның негіздерімен санас-пай, әлдеқашан тозығы жетіп, істен шыққан «топырақ цеолиттары»

жөніндегі жорамал үғымдарды «жұту комплексі» деген жаңа атақпен жаңартып жүр; оның ескі «топырақ цеолиттарынан» айырмасы, «жұту комплексіне», «топырақ цеолиттарынан» басқа тағы топырактың «минералды-органикалық гуматты» бөлімі кіреді. Бұл соцғысы Л. Грандо мен Эггерттің топырактың «қара заты» деген одан да гөрі тозығы жеткен үғымдарын көмбеден алғып жаңарту болып табылады. Топырактың органиоминералдық «қара заты» турасындағы осы жаңартылған үғымның дұрыс емес екендігі жарыққа шығысымен-ак айқындалса да, үнсіз қабылданды, мұның өзі ішінде минералды элементтері жоқ, топырактың $<0,001$ мм құрамды ылай элементтерімен әртүрлі органикалық қосылыстардың жабайы механикалық қоспасы екендігі айқындалды.

«Жұту комплексінің» даусыз бір артықшылығы бар. Тәжрибе жаңауышының керек етуіне немесе оның қажет емес екендігіне қарай «жұту комплексі» тез бұзыльп, тез қалпына келіп отырады. Топырактың әр гектарында — жоғары сатыдағы үш түрлі өсімдектер формацияларының сансыз өкілдерімен және аз дегендеге үш мың биллион (3×10^{15}) санды микроорганизмдармен жиі-жиі кездесіп отыратын бұл бағыттың қыйыншылыктары маған өте айқын. Сонымен бірге агрехимиялық бағыттың зор зыянды екеніде маған айқын.

Жоғарыда айттылғандарға сүйене отырып, Совет Одағының социалистік ауылшаруашылық жоғары оку орындарында жалпы егіншілік, шабындық, мал азығын өндіру, мелиорация тағы басқаларын жеке курс ретінде оқытуды, тіпті жеке кафедраларға бөлуді теріс деп есептеймін.

Совет Одағының ауылшаруашылық жоғары оку орындарында — топырақ тану, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, генетика (жалпы бір курс ретінде), биологиялық химия, тыңайтқыштар жөніндегі ғылым, механизация, электрофикация, өсімдіктер мен айуандарды зыянды жәндіктерден және аурулардан корғау туралы ғылым, ауылшаруашылық экономиясы, алғашқы өндеу технологиясы сыйкты пәндерді жеке-жеке кафедраларға бөліп оқытуды бірден бір дұрыс жол деп есептеймін.

Осы айттылғандардың негізінде жалпы егіншілік, мал азықтары базасы туралы ғылым, мелиорация, батпакты жетілдіру ғылымдары топырақ тану тарауларын құрайды, дегенмен өсімдік тануға жататын детальдар өсімдік шаруашылығының кафедрасына кіреді.

Казір топырақ тану, агрехимия, зоотехния және технология кафедраларының аралығында қорғансыз күйде жүрген агрономиялық талдауды органикалық химия кафедрасымен тығыз жанасқан жалпы бір биохимия кафедрасына біріктіру өте маңызды болар еді деп есептеймін.

Ал мелиорацияны, батпак пен күмдарды жетілдіру істерін алатын болсак, булар диалектикалық үғыну жағынан топырақ танудың үшінші бөліміне кереді. Топырақ танудың бұл бөлімі (жеке топырақ тану ғылымы) жоспарлы социалистік халық шаруашылығының талаптарына сәйкес ССРО-ның топырақ-климат облыстарының табиғат жағдайларын өзгерту системасы туралы ғылым болып табылады.

Топырақ танудың үшінші бөлімін толық көлемінде барлық факультеттерде үйрену міндетті болғандыктан, мен оны топырақ танудың екінші томы ретінде жеке кітап етіп шығаруды үйнәрдым.

Академик В. Р. Вильямс.

Петровско-Разумовское, июль, 1936 жыл.



ТӨРТИНШІ РЕТ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ

Социалистік ауылшаруашылық өндірісі прогрестік даму **зандарына** негізделген. Ал прогрестік даму біздің әрекетіміздің ауыл шаруашылығы өндірісінің процесінің өтетін жағдайларына, өзара біріккен және өзара байланысты органикалық тұтас күрделі комплекс болып табылатын жағдайларына бір мезгілде түгел бағытталған күнде ғана мүмкін. Өндірістің бір элементіне әсер ету, оның қалған элементтерінің бәріне бірдей сөзсіз әсер ету кажеттілігіне әкеліп соғады. Мұны естен шығару егіс түсімін тұрақты арттыру шартына нұқсан келтіреді.

Біздің бұл еңбегіміз — ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің түсімін үздіксіз және шексіз арттыру шарттарын түсіндіруге арналған. Табиғат денесі — топырақты зерттеудің, адам еңбегінің жемісі болып табылатын топырак құнарының маңызды белгілерін зерттеудің барлық системасын біз осы өте маңызды тәжрибелік өндірістік міндетті шешуге бағындырып отырмыз. Бұл сыйылды бағындырудан топырак тану теориясы ұтылған жоқ, қайта ұтып шықты. Біз топырак жөніндегі ғылымды тәжрибе жүзіндегі ауылшаруашылық өндірісімен байланыстырудың арқасында топырақтың эволюциялық даму жолындағы топырак құралу процестерін реттеп басқаратын зандылықтарды неғұрлым толық және барлық жағынан тексеріп шығуға мүмкіндік аламыз.

Бірақ бұл айтылған байланыстың шешуші маңызын ғалымдардың барлығы бірдей әлі түсінбегенін және одан шығатын ғылми нәтижелерді ұғынбағанын атап айтуымыз керек. «Таза ғылым» дейтін позицияда тұрып қалуға үмтүлатьн бұл сыйқты ғалымдар, дұрысын айтқанда, өндіріс мәселелерінен аулақ кетіп, мыщ жылдық болымсыз нақылдарға тастай қатып жармасатын ғалымдар әлдекашан өмірі өткен, дұрыс деп танылуға правосын жойған, ескі көзқарастарға ешбір сәйкес келмейтін, барлық жаңалыққа, акыйқаттығы айқындалған жаңа ғылми көзқарастарға қарсы түрлі шаралар және түрлі әдістер қолданып ылғый күресіп келді. Бірақ мұндай жағдай бізді ешқашанда қобалжытқан емес және қобалжытпайды.

Бұл теориялар қандай ғана ғылымнан тыс қауашақпен бүркемеленсе де, біз агрономия ғылымындағы жалған ғылми теориялардың барлығына карсы табанды, дәйекті және бітіспейтін күрес жүргізіп келдік, күресудеміз және ақырына дейіш күресеміз де.

' Агрономиялық ғылымдағы жаңалық табушылардың, егіншілік стахановшыларының бағытының гылми-қоғамдық бағытымызға сай келіп, бір жерден шығу фактысын біздің еңбегіміз бен күресімізге берілген аса қымбатты сый деп есептейміз. Мол өнім алушы шеберлердің тәжрибесі ғылми агрономияның ең негізгі, түпкі қағыйдасының дұрыс екендігін айқын дәлелдейді; ол қағыйда — ауылшарашылық өсімдіктері өсіп, да-мыйтын сыртқы жағдайлар комплексінің барлық «алгебралық» қосынды-сына бірmezгілде тұтас әрекет жасайтын болсақ, онда егіс түсімі шексіз арта бермек дейді. Біз гылми агрономияның негізгі ережелері колхоз-сов-хоз далаларында қолданылып, онда ережелердің дұрыстығы толық сый-патталған дәуірге жеткендігімізге бақыттымыз. Ұлы Сталин тәрбиелеп өсірген стахановшылардың тарихи қозғалысының қарыштап өрлеген ке-зінде өмір сүргенімізге бақыттымыз, бұл тарихи дамуда өзіміздің бүкіл өмірімізді сарып еткен ғылми идеяларымыздың күйремей, толық дәлел-денгенін көріп отырмыз.

Қазір агрономия гылымы стахановшылар-пионерлеріне қарағанда еңбекті өте аз жұмсал үчаскелерден ғана емес, қалдырмастан барлық егіс көлемінен мандайалды, мол өнім алу жөнінде, еңалдымен колхоз-дар мен совхоздарға көмектесуге міндетті екендігіне мықтап сенемін. Со-нымен бірге ғылым стахановшылармен тығыз бірлесе отырып, егістің түсімін шексіз арттыра беру жолындағы жетекші нысана болып табыла-тын егістен жаңа мол түсім алудың тәжрибелік мәселелерін күн сайын шешіп отыруға тиісті.

Ақырында, ғылымның, агрономиялық білімдердің барлық жынақ-талған бай ақыйқатын меңгеріп алу жөнінде миллиондаған колхозшы-ларға, мыңдаған ғылми қызметкерлерге күн сайын көмек көрсетіп отыру керек, өйткені ғылымды тек осы жолмен ғана мықтап алға бастыруга болады.

«Топырак тану» кітабын жаңадан шығаруға әзірлеп, оны қайта қарал, толықтыра отырып, біздің жаңа табыстарға жетуімізге демберауши ұлы ұстамыз, көсеміміз Иосиф Виссарионович Сталиннің және оның ең жақын сенімді серігі Вячеслав Михайлович Молотовтың алдымызға қойған міндеттерін мүмкіндігінше, жақсы шешуге үмтүлдым.

Академик *B. P. Вильямс*


Петровско-Разумовское, 1938 ж.





К I Р I С П E¹

Күн сәулесі энергиясын пайдалану — ауылшаруашылық өндірісінің міндеті. Ауылшаруашылық өндірісіндегі тірі организмдердің ролі. Өсімдік шаруашылығының салалары. Өндіріс құралы және ауылшаруашылық өнімі ретінде жасыл өсімдіктердің ерекшеліктері. Органикалық заттың бұзу — ауылшаруашылық өндірісінің екінші міндеті. Мал шаруашылығы — ауылшаруашылық өндірісінің органикалық тұтас бір бөлегі. Егіншілік — ауылшаруашылық өндірісінің үшінші өзекіншіліктері. Өсімдік тіршілігінің өсімдік шаруашылығының жағдайлары ретінде факторлары. Факторлардың тен маңыздылығы немесе ауыстырылмайтындығы. Биологиялық процестердің өзара тәуелділігінің курделілігі және ауылшаруашылық өндірісі. Топырак құнарының кемі беруі жөнінде жағдайлары. Өсімдік тіршілігінің өсімдік шаруашылығының жағдайлары ретінде факторлары. Факторлардың тен маңыздылығы немесе ауыстырылмайтындығы. Биологиялық процестердің өзара тәуелділігінің курделілігі және ауылшаруашылық өндірісі. Топырак құнарының кемі беруі жөнінде жағдайлары. Өсімдік тіршілігінің өсімдік шаруашылығының жағдайлары ретінде факторлары. Сүмен крек — өсімдік тіршілігінің жердегі факторлары. Топырак; құнары деген не.



Ауыл шаруашылығы өндірісі өзінің өнімінің сыйпаты мен қасиеті жағынан, өзінің өсу жағдайларының курделілігі мен ерекшеліктері жағынан басқа өндірістерден мүлде өзгеше болады.

„ . . . Ауыл шаруашылығының міндеті—адамзаттың өмір энергиясын пайдалану — ауылшаруашылық өндірісінің тіршілігіне керекті, сол тіршілік әрекетінің дамуы мен жұмсалуы үшін қажетті энергияның түрімен шылдықтары. Қарық пен жылылық — өсімдік тіршілігінің космикалық факторлары. Сүмен крек — өсімдік тіршілігінің жердегі факторлары. Топырак; құнары деген не.

міндеті Энергияны үйымдастыру түрде жыйнау және орынды жүмсау адам баласы қофамының сапалылық белгілері болып табылады. Физиологиялық процестер, психикалық әрекеттердің көріністесі, дене еңбегі, ақыл-ой әрекеті, жору және ойлау жұмыстары — осының барлығы бірдей энергия жұмсалуын талап етеді.

Ауыл шаруашылығы — адамзатқа даусыз қажетті энергия және оның орнын ешиәрсе баса алмайтын энергия беріп отыратын бірден бір өндіріс.

Сонымен бірге ауыл шаруашылығы адамзатқа оның тіршілік энергиясының пайдасыз немесе өнімсіз шығындалуын кемітуге арналған бірқатар өнімдер береді — сырт киім мен аяқ киім үшін материалдар, құрылыш үшін материалдар және отын үшін материалдар беріп отырады.

¹⁾ «Топырак тану. Топырак тану негіздерімен бірге егіншілік» кітабының тексті мұнда төртінші басылуы (М., 1938 жыл) бойынша басылып отыр Алғашкы екі басылуы (1927 және 1930 жылдарғы) «Топырак тану негіздерімен бірге жалпы егіншілік» деген атпен шығарылды. Екінші басылуының бірінші басылуынан айырмашылығы сол — екінші басылуында бірінші бөлімі — *Топырак тану* едәуір кыскартылды және осыған сәйкес екінші бөлімі — *Жалпы егіншілік* кеңейтілді. Үшінші басылуға (1936 ж.) әзірлей отырып, В. Р. Вильямс кітаптың екі бөліміне көп жақа материалдар енгізді. Төртінші басылуы негізінен үшінші басылуын қайталайды. В. Р. Вильямстың тірі кезінде шыққан кітаптың төрт рет басылуының бәрі де автордың негізгі бір ережесін қайталайтындықтан, үқсас текстерді қайталап жатпау үшін, редакция осы шығармалар жыйнағына 1938 жылы басылуының текстін ғана енгізді. — Ред.

Ауыл шаруашылығының өнімдері үзак сақталып тұра алмайды; олар адам үшін ғана емес, сонымен бірге жасыл организмдерден басқа барлық организмдерге де энергия көзі болып табылады, сондықтан бұл өнімдерді айуанаттар оп-оңай жеп қояды, бізді барлық жақтан қоршаған сансыз микрорганизмдер оны бұлдіріп отырады. Тек бұл ғана емес. Ауылшаруашылық өнімдерінің көпшілігі не тұтас тірі организмдер болады, немесе организмдердің тірі бөлімдері болады, бұлардың ішінде ақырында болса да тіршілік процестері өтіп жатады. Мұның өзі не сол өнімнің немесе оның элементтерінің жұмсалмай қалмайтындығына байланысты. Тамақ өнімдерінің бұзылмай, жеуге жаракты болып сақталу мерзімі сирек жағдайларда ғана жылдан асады. Сондықтан ауыл шаруашылығының орасан көп өнімдерінің барлығы жыл сайын жаңадан құрылып отыруы тиіс. *Өндірістің үздіксіз қайталаудың тағы бір қасиеті осымен белгіленеді.*

Энергия көзі есебіндегі органикалық затты жалпы тұтыну оның қоғамның барлық мүшелері үшін оңай табылатындығын көрсетеді. Энергия көзі идеялық мағнада, адамның организмінде оның босау процесі — ауаның оттегі қалпында босанып шығу факторындағы, оңай табылатын болуын реттеп басқаруы керек еді. Айырмашылық сол — органикалық зат алу үшін еңбек жұмсалуын керек етеді,— оған белгілі мөлшерде еңбек жұмсалады. Энергия көзіне жұмсалған еңбек неғұрлым аз болса, оның өндірілуі солғұрлым жеңіл болады және өнімнің өзі де қолға оңай түседі. Ауылшаруашылық өндірісінде жоғары еңбек өнімділігі бірінші орындағы шарт екендігі белгілі нәрсе. Эйтпеген күнде өндіріс адамзат қоғамының даму қарқының бөгейтін роль атқаратын болады. Сонымен бірге халықтың санының үздіксіз өсуі және оның қажетінің өсуі ауылшаруашылық өнімнің үздіксіз, прогрестік өсіп отыруын талап етеді. Осы жағдайлардың барлығын жүзеге асыру социалистік өндіріс үйимдастырудың саналы қасиеті болып табылады.

Ауыл шаруашылығының алдына қойылатын негізгі талаптар осылай белгіленеді. *Ауыл шаруашылығы өнімді артығымен беруге тиіс, ол прогрестік түрде дамып отыру қабілетіне ие болуға тиіс, оған жұмсалатын еңбек мейлінше өнімді еңбек болуға тиіс.*

Күн сәулесінің әсерлі (кинетикалық) энергиясы ауылшаруашылық, өндірісі өзінің өнімін шығаруда алғашқы материалдық міндет атқарады, бұл энергияны жасыл өсімдіктер жасырын өздері жасаған органикалық затының химиялық құралының энергиясына айналдырады.

Біз әліде жете зерттемеген, біздің ықпалымыздан сырт жатқан қосмикалық қордан—Күннен жер бетіне жарық, жылылық, химиялық энергия түріндегі, тағы басқа түрдегі кинетикалық энергия орасан көп мөлшерде үздіксіз келіп жатады. Күн сәулесінің кинетикалық энергиясы үздіксіз зор жұмыстар істеп отырады, бұл жұмыстарды ауылшаруашылық өндірісі тікелей және жанамалап пайдаланып отырады. Оны тікелей пайдалану материя қозғалысының бірінші түрін (жарықты) екінші түрге — органикалық затка айналдыру арқылы болады. Ал жанамалап пайдалану органикалық заттың қосылып синтез жасалыну жағдайларын белглейтін судың соншалық үздіксіз оралып келуі арқылы болады. Мұнда да біз өндірісіміздің ерекшелігіне тағы кездесеміз. *Бұл — энергияның негізгі материалы, сонымен бірге барлық өндірісті қозғалысқа келтіретін энергияның көзі болып қызмет етеді.*

Өнім мен еңбектің бұл екі статьясы бойынша жер бетіне келген барлық энергияның қандай мөлшерде бөлінуін біз, тіпті шамалап білу

мүмкінділігінен де әлі алыс жатырмыз. Бірақ бұл бөлінуді, табиғи өзара қатысы, тегінде, аса қолайлы дәрежеге жеткен климат белдеулерінде, көзбен шамалап бағалау, барып тұрған батыл болжаулардан анағұрлым артық болады, өте зор болашакка жол ашады.

Бірақ күн сәулесінің кинетикалық, әсерлі энергиясын адам тікелей пайдалана алмайды. Ауылшаруашылық өндірісінің негізгі міндеті — күн сәулесінің энергиясын сактап, қорландырып, оны қажетті жерінде еңбекке бағыттауға, оны анық қажетті қанағаттандырлық мөлшерде жұмсап отыруға мүмкіндік беретін түрге айналдыру міндеті келіп шығады.

Ауылшаруашылық өндірісінің негізгі міндеті — күн сәулесінің кинетикалық, энергиясын потенциалды энергияға айналдыру болады.

Табиғатта потенциалдық энергияны сақтау сансыз көп жолдар арқылы іске асырылады. Адамзаттың организмін, оны тіршілік әрекетін көрсетуіне керекті потенциалдық энергиямен қамтамасыз ету үшін энергия запасының жалғыз ғана түрі — *органикалық заттар түрі ғана жаражаты болады*. Осы тұрғыдан алып қарағанда *органикальщ затты оның курделі комплексінің ішінде белгілі химиялық біртекті қор түрінде біріккен қарапайым минералдық қосылыстардың жыйынтығы деп қарастырылады*.

Әрбір органикалық заттың ішіндегі қарапайым минералдық қосындылар, — органикалық зат сол қосындылардан құралады, — бұлардың біріктіретін химиялық біртектілік қор, органикалық зат бұзылып жай минералды қосындыларға ыдыраған кезде кинетикалық, әсерлі энергия түрінде бөлініп шығатын потенциалдық энергия мөлшері болып табылады.

Тірі организмдегі органикалық заттың бұзылуының физико-химиялық процестері басталғанда, организмің жұмыс істеу нәтижесінде энергияның бір бөлімі жылылық энергиясы түрінде сыртқы ортаға бөлініп шығады, бұл энергияның екінші бөлімі сол организмің денесіндегі органикальщ заттың потенциалдық энергиясы түріне айналады.

Организмге, бұдан басқа, өз денесінің жаңадан құрайтын органикалық заттың құрамына кіретін минералдық, қосындылар да керек болады. Организм кинетикалық энергия алатын, органикальщ заттың ыдырау кезінде туатын минаралдық қосындылар осы мақсатқа қызмет етеді. Органикальщ зат сонымен бірге оны пайдаланатын организм үшін энергия коры және қорек коры болып қызмет етеді.

Адамзатты кинетикалық энергиямен және қорекпен қамтамасыз ету үшін керекті органикальщ заттағы күн жарығының кинетикалық, энергиясын тікелей потенциалдық энергияға айналдыру процесін осы уақыт-қа дейін тірі организмдер ғана — жасыл өсімдіктер ғана атқарып келді.

Күн сәулесінің энергиясын екінші түрге айналдырып жыйнактауға қызмет ететін органикальщ заттар, жасыл өсімдіктер синтез жасағанға дейін болған жок, ол тек жасыл өсімдіктердің синтезі арқылы ғана пайда болды. *Табиғат жағдайларындағы сыйқты органикальщ зат ауылшаруашылық, өндірісінің процесінде жаңадан жасалды.*

Бұл кейде өндіруші және қайта өндіруші өнеркәсіп саласы болумен катар, ауыл шаруашылығын ерекше жасаушы өнеркәсіп деп қарастырылады.

Ауыл шаруашылығы қорек және отын сыйқты жыйнакталған куаттық маңызы ғана бар өнімдермен бірге, ішіндегі энергиясына байланысы жок, бағалы органикальщ заттар өндіреді. Олар құрылыш материалдары, сырт киім мен аяккиім үшін, тағы сондайлар үшін материалдар.

Ауылшаруашылық өндірісіндегі тірі Р- ше айырмашылығы сол — мұнда өндірістің негізі — **организмдердің ролі**

тірі организмдер. Барлық өндірістер, даму жолында өз алдына әбден бөлініп шыққанымен, организмдердің физиологиялық әрекеттерін пайдалануға негізделгендейтін ауылшаруашылық техникалық өндірістері деп аталады. Олар шарап, сыра, талшық бүйымдарын алғаш өндейтін, тағы басқа өндірістер.

Ауылшаруашылық өндірісінде жасыл хлорофилды өсімдіктер негізгі орын алады. Ауылшаруашылық техникалық өндірістерінде жәндіктер мен бактерия және гриб сықылды хлорофилсыз өсімдіктер негізгі орын алады.

Тірі организмдердің бұл екі тобын біріктіретін ортақ маңызы бар белгілері болады.

Өндірістің негізгі өнімін шығаруға қызмет ететін алғашқы материал, өндіріс үшін әрі энергия көзі — әрі олардың жұмысына негіз болып қызмет етеді. Барлық өндірісті тәртіпке келтіретін адамның ролі — организмдердің тіршілік әрекегіне өндірістің жұмысы мейлінше өнімді болатындағы етіп қолайлы жағдай жасау болады.

Басқаша айтқанда, организмдер жұмыс істегендегі алғашқы материалды өте аз жұмсайтындағы етіп, алғашқы материалдың қалғанынан негізгі өнімді мүмкін қадарынша көп мөлшерде өндіретінде етіп, организмнің жұмыс істейтін уақытының барлық кезеңінде де сыртқы жағдайларды оған қолайлы етіп отыру керек.

Өздерінің өмір сүру мезгіліне қарай жасыл өсімдіктер бірінен бірі өзгеше үш топқа бөлінеді, демек, өндірісте атқаратын қызметінің мезгіліне қарай да үшке бөлінеді, мезгілі өткеннен кейін олардың орнына жаца өсімдіктер келуге тиіс. Бұл үш топ топырақ тануда өсімдіктер формациясы деп аталынады.

Бірінші топқа жататындар ағаш пен бұта текстес өсімдіктер, бұлардың жеке-жеке өмір сүру мерзімі, әдетте, он жылдарға, көбінесе, жұз жылға, кейде мың жылға барады. Бұл көпжылдық ағаш текстес өсімдіктердің жыйынтығын ағаш текстес өсімдіктер формациясы деп атайды. Олар табиғатта орман және тоғайльщтар түрінде өседі.

Ал қалған екі топқа жататын өсімдіктер жыл сайынғы өмірі біткеннен кейін өздерінің жер бетіндегі мүшелеріне шыққан, өмір сүрге қабілеті бар жемісі мен тұқымын қалдырады немесе өздерінің жер астындағы мүшелерінде тіршілік кабілеті бар жас өркендерін немесе бүршіктерін қалдырады. Осының салдарынан өсуге қолайлы жағдайлар туған кезде, екінші топка жататын өсімдіктердің жаңа үрпағының біразы бұрынғы ескі үрпактың ескен жерінде өседі, сөйтіп бұлар көпжылдық өсімдіктер сияқты болып көрінеді. Ал іс жүзінде, өткен үрпактың жер астындағы және жер бетіндегі мүшелері түгел сеніп біtedі жаңа үрпактар қыстап қалған бүршіктерден, өркендерден жаңадан өсіп шығып, жер бетіндегі мүшелері, жаңа тамыр системасын құрады. Жыл сайын тұқымнан және жер астындағы жас өркеннен жагалап өсіп отыратын өсімдіктер тобын көпжылдық шөп өсімдіктері деп атайды. Жас өркендері қыс түсісімен-ак құрып кететін өсімдіктердің екінші тобының жыйынтығы шабындық өсімдіктер формациясы деп аталады.

Ақырында, үшінші топқа жататын өсімдіктердің айырмашылығы сол, олардың өмірі жаздың бір маусымынан аспайды. Бұл өсімдіктер быйылғы көктемде немесе өткен күзде есе бастаса да және олар жер астында қыстап шығатын бүршіктерін немесе жас өркендерін қалдырса да, бәрібір,

бұл топтың өсіріп шығарған барлық өсімдіктері сол жаздың ішінде күзгі жауындар немесе қысқы сұық түспей тұрып-ақ құрып бітеді. Бұл топқа жататын өсімдіктерді біз Кавказ және Каспи далаларында кездестіреміз. Бұл өсімдіктер жыныстыңын *далальш өсімдіктер формациясы* деп атайды.

Дәнді егістер, біржылдыш малазығы егістері, тамыржемісті, түйнек-жемісті өсімдіктер және техникалық өсімдіктер сыйқты біржылдық ауылшаруашылық өсімдіктерінің барлығы бірдей дала өсімдіктері формациясына жатады.

Өсімоік шаруашылығының салалары Жоғарғы айтылғандарға және ауылшаруашылық өндірісінің негізгі цехтарыша сәйкес өсімдік шаруашылығы үш топка бөлінеді:

- I. Орман шаруашылығы.
- II. Шабындық шаруашылығы.
- III. Егін шаруашылығы.

Бірінші топқа *бау шаруашылығы*, үшінші топқа *овошъ шаруашылығы* мен *гүл өсіру шаруашылығы* кіреді, бұлардың негізгі категориялардан айырмашылығы оларға жұмсалатын еңбектің мөлшеріне қарай болады.

Бұл курста біз егіншілік мәселелерінің жалғыз егін шаруашылығы мәселесін зерттеумен ғана тындырып коя алмаймыз.

Дала егісі, шабындық, орман, бау, огород егістерінің мәселелері ауылшаруашылық өндірісінде бөлінбестей болып тұтасып келеді, жоспарлы социалистік халық шаруашылығында олардың сындарлы тұтас ұйымдастыран диалектикалық өзара байланысын мұлде қолдан жойып, бұл шаруашылық салаларының мәселелерін жеке-жеке алып қарауға болмайды. Ауылшаруашылық өндірісінің жеке салаларының ұйымдастыран байланысы терең техникалық негізге сүйенетінін біз келешекте көреміз. Бұл техникалық негізге сүйенушілік өз тарапынан өндірісте аса зор роль атқаратын организмдердің табиғи ерекшеліктері мен қасиеттеріне байланысты болады. Организмдердің қасиеттері, олардың сыртқы ортаға қатысы жөніндегі биологиялық зандылықты және бұл қатыстардың өзгергіштігін (организмдердің өзгерімпаздығын) белгілейді, ауылшаруашылық өндірісінің барлық салаларының ұйымдастыран бірлестігі, сайып келгенде, зандылыққа, біздің организмдерге енгізе алатын өзгерістеріміздің есебіне негізделуге тиіс.

Ауылшаруашылық өндірісінің негізгі материалы — күн сәулесінің энергиясы өндірістің өзіне сөзсіз эсер ете алатын ерекшеліктерге ие болады. Қосмикалық себептерге байланысты күн сәулесі энергиясының тұтынатын өндіріске келуі *екі түрлі тәртіппен өзгеріп* отырады. Бұл өзгерістер тәуліктік өзгерістен немесе жылдық өзгерістерден, дұрыс, біркелкі зандылық өзгерістерден өзгеше болады.

Дақыл өсімдіктер көп ғасырлар бойы сұрыпталу жолымен кинетикалық энергияның жер бетіне келуінің дұрыс өзгерістеріне жақсы бейімдеген. Бірақ дақыл өсімдіктерінің бұл бейімділігі өсімдіктің өсуіне қажетті жағдайлар жасағанда, күн сәулесі энергиясының жер бетіне келу өзгерістерін есепке алып отырудан ауыл шаруашылығын босатпайды, атап айтқанда, бұл өндірістің жұмыс маусымын *жасайды*, өсімдіктердің дамуының түрлі циклдары мен кезендерін және фазаларын белгілейді.

Негізгі материал — күн сәулесі энергиясы өнебойы өзгеріп келіп отыратын жағдайда өсетін өсімдіктердің өнімді жұмыс істеуіне қажетті, ба-

қа жағдайлардың келуін тәртіпке салып отыратын шаралардың системасын қолданбаған күнде, органикалық заттың синтез жасау үшін қажетті жай минералдық қосындылардың келуі аз болып, өсімдіктер арқылы органикалық заттың потенциалдық энергияға көшетін бір өлшем ұшыратат келетін кинетикалық энергия мөлшері өндіріске қажетті шамасынан артың болуы мүмкін. Энергияның артығы пайдаға аспай, кеңістікке тарап кетеді, органикалық заттың өсуі тоқтап қалады, өсімдіктер күрбосқа суды буландырып отырады.

Ауыл шаруашылығының негізгі материалының — күн сәулесі энергиясының тағы бір маңызды белгісі сол, күн сәулесінің энергиясы жарық түсетін көлемге бір келіп отырады және ол белгілі бір шек қойылған пункттерге топталып жыйылып қалмайды.

Бұл ерекшеліктің нәтижесінде — ауылшаруашылық өндірісі елдің барлық жеріне түгел жайылып орын табеді, барлық жерлерде тегіс жасыл өсімдіктер еседі. Өндірістің өзінде өндіріс орындарының аралығының мәселелері, демек, транспорт мәселелері аса маңызды роль атқаруға тиіс.

*Өндіріс құралы және
ауылшаруашылық
өнімі ретіндегі
жасыл өсімдіктердің
ерекшеліктері*

Жасыл өсімдіктердің көптеген өзгешелектері болады. Ол өндіріс процесінде, сол негізгі материалдан (күн сәулесінің энергиясынан) жасалады, ол бір жағынан өндіріс құралы, екінші жағынан өндірістің өнімі болып табылады.

Жасыл өсімдіктердің жұмысына керекті энергия бірден бір энергия көзі — күн сәулесінен алынады. Жасыл өсімдіктің жұмыс істейтін мүшесі — оның жасыл беті — бір жыл қызмет етеді, өте бір сирек өсімдіктердің — мәңгі жасыл өсімдіктердің екі жылдан сегіз жылға дейін қызмет істейді. Осы мерзімнен кейін ол іске аспай қалады, күрьип кетеді. Көп реттерде барлық өсімдік құрьип кетеді.

Адам үшін қорек пен энергия кезі ретінде немесе техникалық өндірістерге шикізат ретінде жасыл өсімдіктердің жасап шығарған барлық органикалық заттың, жеке реттерде ғана жартысы, әйтпесе әдетте төрттен бір бөлегі ғана тікелей жұмсалады. Ал қалған жарымы немесе төрттен үш бөлегі жоғарғы айтылған мақсаттарға жұмсалмайды, олар не қосалқы өнім болып қалады, не бұрын базарға шығарылмайтын өнім деп атайдын — сабан, мекен, жапырақ, тұбір, кострика, арамшөп, пая, тағы басқа қалдықтары ретінде өндірістің өзінде жыйнальп қалып отырады. Осы қалайда қалып қоятын өнімдерді біз капиталистік өндірістің атауынан басқаша мағнада жоспардан мыс, қосалқы өнім деп атайдыз. Бұған — егінді жыйнағаннан кейін топырактың ішінде қалып қоятын есімдіктердің тамырлары да кіреді. Осында қалып қоятын пайдасыз материалдардың бәрі де органикалық заттан құралады. Оған потенциалдық түрдегі өте көп мөлшерде күн сәулесінің энергиясы жұмсалады, сондықтан оның өте көп жыйналуы барлық өндірістің пайдалы өнімділігін кемітетіні аның.

Тек бұл ғана емес. Ауылшаруашылық өндірісінде потенциалдық энергия жеңіл сіңетін қалыпқа келтіріп жыйнау қызметін атқаратын органикалық зат, биологиялық жағынан маңызы күшті бірнеше химиялық элементтерден құралады, бұл химиялық элементтер белгілі түрде үштасып жай минералды қосындыларға айналады. Осы жай минералды қосындыларға заттың күрделі бір комплексінде химиялық біртекті қосындыларда потенциалдық энергия қалпында сакталып тұрады. Бұл химиялық элементтердің бастылары: *көміртегі, оттегі, сутегі, азот, фосфор, калий, күкірт, кальций, магний және темір*.

Органикалық затты бұзу — ауылшаруашылық өндірісінің екінші міндеті.

Зонттарындағы элементтердің бәрін есептегендеге, жер қыртысы салмағы ішінде өте азғантай ғана үлеске ие болады.

Кларк пен Вашингтонның есебіне карағанда, бұл салмақтың ішінен көміртегі 0,4%, сутегі 1%, азот 0,04%, фосфор 0,0000015%, калий 2,27%, күкірт 0,15%, кальций 3,20%, магний 2,07%, темір 4,16% орын алады. Тек оттегі ғана 49,66% орын алады.

Бұл биологиялық ете маңызды элементтерге карама-қарсы, біздің планетамыздың геологиялық тіршілігінде басты міндет атқаратын элементтер жер қыртысының ішінде өте көп мөлшерде кездеседі: мысалы, жер қыртысының салмағынан, кремний 25,69%, оттегі 49,66%, алюминий 7,27%, кальций 3,20% орын алады.

Геология ғылымы әбден дәл анықтаған бұл сандар — адамзаттың масштабымен (шамасымен) салыстырып Караганда орасан зор көлемді болғанмен, жер шарының бетіндегі биологиялық тіршілік болар болмас жука қабыршақ түрінде жатқанын айқын көрсетеді. Мұнымен бірге, егер жасыл есімдіктердің жыл сайын жасап шығарған барлық органикалық заттары жер бетінде қалып қойып отырса, онда қысқа мерзімнің ішінде барлық көміртегі, азот, күкірт, фосфор жасыл есімдіктердің қорегіне жарамайтын органикалық затқа айналып кететіндігі сондай айқын болады.

Мұндай жағдай туған күнде, мәдени өсімдіктер — жасыл есімдіктер, органикалық заттың жасалуына сөзсіз керекті потенциалдың энергия қорын бойына ұстап тұратын минералды қосындылардың жеткіліксіздігінен, әрі кетсе бір элементтің жеткіліксіздігінен барып, күн сәулесінің кинетикалық энергиясын өз бойына сініре алмайтын болады.

Сөйтіп, ауылшаруашылық өндірісінің екінші міндеті келіп шығатыны анық.

Ауыл шаруашылығының алдына өндірістік міндет ретінде біз күн сәулесінің кинетикалық энергиясын химиялық біртекті потенциалдың энергияға айналдыру мәселесін койдық. Бұл міндетті орындау үшін ауылшаруашылық өндірісінің ең алғашкы кезеңі — органикалық зат жасау келіп шығады. Сонымен бірге — ауылшаруашылық «машинасының» өндеуінен қалған — өсімдік шаруашылығының қалдықтары, оның қосалқы өнімдері өлі органикалық заттарды бұзу сыйқты карама-қарсы, екінші міндеттің кезеңі туады. Ауыл шаруашылығының алдындағы міндеттің бұл екінші кезеңі өзінің маңызы жөнінен алғашкы кезеңмен *тап бірдей*, өйткені бұл екінші кезеңнің міндеті орындалмаған күнде, алғашкы кезеңнің міндетінің орындалуы мүмкін емес.

Қосалқы өнімдердің органикалық затты бұзу міндеті, жұмсалған органикалық заттың жыйналу орнына карай маңыздылығы дәл бірдей, өз тарапынан дербес екі бөлімге бөлінеді. Органикалық зат не топырақ бетінде жыйналып қалуы мүмкін, не топырақ *massasында шөгіп қалуы мүмкін*. *Топырақ бетінде — сабан, мекен, шөп, сабак-жапырақ* қалдықтары қалады, ал топырак массасында пая қалдыштары мен тамыр қалдықтары қалады.

Органикалық қалдықтарды бұзу ісін, баскаша айтқанда, оның **эле-**

Органикалық заттарды құрайтын **элементтердің** көпшілігінің ерекше қасиеттері сол — ол элементтердің, бірен-саралын қоспағанда, барлығы да **атмосфераның**, гидросфер әнисін және зерттелген терендеңдікке дейінгі литосфераның жоғарғы горизонттарындағы элементтердің бәрін есептегендеге, **жер қыртысы салмағы** ішінде өте азғантай ғана үлеске ие болады.

Кларк пен Вашингтонның есебіне карағанда, бұл салмақтың ішінен көміртегі 0,4%, сутегі 1%, азот 0,04%, фосфор 0,0000015%, калий 2,27%, күкірт 0,15%, кальций 3,20%, магний 2,07%, темір 4,16% орын алады. Тек оттегі ғана 49,66% орын алады.

Бұл биологиялық ете маңызды элементтерге карама-қарсы, біздің планетамыздың геологиялық тіршілігінде басты міндет атқаратын элементтер жер қыртысының ішінде өте көп мөлшерде кездеседі: мысалы, жер қыртысының салмағынан, кремний 25,69%, оттегі 49,66%, алюминий 7,27%, кальций 3,20% орын алады.

Геология ғылымы әбден дәл анықтаған бұл сандар — адамзаттың масштабымен (шамасымен) салыстырып Караганда орасан зор көлемді болғанмен, жер шарының бетіндегі биологиялық тіршілік болар болмас жука қабыршақ түрінде жатқанын айқын көрсетеді. Мұнымен бірге, егер жасыл есімдіктердің жыл сайын жасап шығарған барлық органикалық заттары жер бетінде қалып қойып отырса, онда қысқа мерзімнің ішінде барлық көміртегі, азот, күкірт, фосфор жасыл есімдіктердің қорегіне жарамайтын органикалық затқа айналып кететіндігі сондай айқын болады.

Мұндай жағдай туған күнде, мәдени өсімдіктер — жасыл есімдіктер, органикалық заттың жасалуына сөзсіз керекті потенциалдың энергия қорын бойына ұстап тұратын минералды қосындылардың жеткіліксіздігінен, әрі кетсе бір элементтің жеткіліксіздігінен барып, күн сәулесінің кинетикалық энергиясын өз бойына сініре алмайтын болады.

Сөйтіп, ауылшаруашылық өндірісінің екінші міндеті келіп шығатыны анық.

Ауыл шаруашылығының алдына өндірістік міндет ретінде біз күн сәулесінің кинетикалық энергиясын химиялық біртекті потенциалдың энергияға айналдыру мәселесін койдық. Бұл міндетті орындау үшін ауылшаруашылық өндірісінің ең алғашкы кезеңі — органикалық зат жасау келіп шығады. Сонымен бірге — ауылшаруашылық «машинасының» өндеуінен қалған — өсімдік шаруашылығының қалдықтары, оның қосалқы өнімдері өлі органикалық заттарды бұзу сыйқты карама-қарсы, екінші міндеттің кезеңі туады. Ауыл шаруашылығының алдындағы міндеттің бұл екінші кезеңі өзінің маңызы жөнінен алғашкы кезеңмен *тап бірдей*, өйткені бұл екінші кезеңнің міндеті орындалмаған күнде, алғашкы кезеңнің міндетінің орындалуы мүмкін емес.

Қосалқы өнімдердің органикалық затты бұзу міндеті, жұмсалған органикалық заттың жыйналу орнына карай маңыздылығы дәл бірдей, өз тарапынан дербес екі бөлімге бөлінеді. Органикалық зат не топырақ бетінде жыйналып қалуы мүмкін, не топырақ *massasында шөгіп қалуы мүмкін*. *Топырақ бетінде — сабан, мекен, шөп, сабак-жапырақ* қалдықтары қалады, ал топырак массасында пая қалдыштары мен тамыр қалдықтары қалады.

Органикалық қалдықтарды бұзу ісін, баскаша айтқанда, оның **эле-**

/

Менгтерін минералдау тек гетеротрофты жасыл түссіз, хлорофилсыз организмдер арқылы ғана тиімді етіліп жүзеге асырылуы мүмкін.

Өсімдік шаруашылығы қалдықтарын нағыз қарапайым әдіспен минералдау — оларды тек өртеу болар еді. Шынында да, тәжрибе жүзінде бұл әдісті қолданғанда азында калған өсімдік паясын тік түрған күйінде өртеп жібереді немесе өсімдік қалдықтарын отынға пайдаланады. Бірак бұл сықылды әдісті қолданғанда органикальщ заттың потенциалдың энергиясы не құр босқа шашылып жоқ болады, не кинетикалық энергияның құнсыз түріне, жылылыққа айналып кетеді. Оның үстінде бұл әдісті қолданғанда органикальщ заттың тәжрибе жүзіндегі бағалы элементі — азот топыраққа қайта оралып келмейді, атмосфераға бытырап ұшып кетеді. Әдетте, мұндай әдіс қолдануды, кейбіреулер өсімдік шаруашылығының қосалқы өнімдерін пайдаланудың басқаша әдістерін қолдануға экономикалық жағдай жоқ, деп дәлелдемек болады.

Капиталистік шаруашылыщтың жырыштың принципі және капиталистік өндірісте үйымшилдықтың жоктығы бұл әдісті қолдануға себеп болғандығын біз келешекте көреміз. Үйымдастын, социалистік, жоспарлы хальщ шаруашылығының түсінда бұл әдіске жол беруге болмайды, оны оқай жөндеуге болады.

Сабан, мекен, сабак-жапырақ сықылды ауылшаруашылық өндірісінің жоспарсыз, қосалқы өнімдері топырақ бетінде калып қойған кезде, оларды жою қажет екендігі өте-мәте көзге түседі.

Бұл қалдықтар ағаш тәрізденіп қатып қалған клетчаткалардан күралады. Олардың курамындағы өте болымсыз белокты заттар, ағаш тәрізденіп қалған клетка қабықтарының ішінен орын алады. Бұл клетчатканы бактериалар, грибтар және, тегінде, инфузориялар сықылды тек төменгі сатыдағы, жасыл түссіз организмдер ғана органикальщ заттың басқа түріне айналдыра алады. Жоғары сатыдағы жасыл түссіз организмдар — айуанаттар азотсыз органикальщ заттың энергиясын өздігінен тек жылылық немесе термикалық энергияға ғана айналдыра алады. Жоғары сатыда түрған организмдер өздеріне керекті динамикалық энергияны өздігінен тек кұрамында азоты бар, органикальщ затты бұзу жолымен ғана ала алады.

Мал шаруашылығы
— ауылшаруашылық өндірісінің
органикалық тұмас
бір бөлімі

Егер шаруашылығының шикізат ретінде ендіріске жаратылмаған қалдықтары, мысалы, қағаз өндірісіне жұмсалмаған немесе отын ретінде нәтижелі пайдаланылмаған болса, адамзаттың қорегіне жарамайтын осы органикальщ заттарды адамзаттың тікелей немесе тамак өнеркәсібінде кайта өндеу қорек етуіне жарайтындағы органикальщ заттың басқа түріне көшіріп барып пайдалану — ең дұрыс әдіс болып табылады. Бұл қалдықтар, тамакқа жарайтын органикальщ зат түріне малдардың организмдері арқылы қайта құрылады. *Малдардың организмінде* сабан, мекен, сабак-жапырақ тағы сол сықылды егер шаруашылығының қалдықтары сүтке, етке, майға, **жұнғе**, теріге тағы басқа сол сияқты мал шаруашылығының өнімдеріне айналады, оның үстінде өндіріс жұмыс күшін алғын болады, ал өндіріс жоғары дәрежеде механикаландырылған болса да жұмысшы күшінің қатнасынсыз оны дұрыс үйымдастыруға мүмкін болмайды.

Мал шаруашылығы, шынына келгенде, өсімдік шаруашылығының негізгі өндірісімен өте тығыз байланысты, ауыл шаруашылығының техникалық өндірісі болып табылады; техника жағынан да, экономика жағынан да, әсіресе, хальщ шаруашылығын жоспармен жүргізу жағынан да

мал шаруашылығының қатнасынсыз өсімдік өсіру шаруашылығын нәтесінде үйымдастыру мүмкін емес.

Бұл мақсат үшін, малдың барлық түрі пайдалануға келмейді. Күрделі асқазаны бар, асты бактериялардың, грибтардың, инфузориялардың көмегімен сіңіре алатын ірілі-уақты қүйіс кайыратын карамалдар ғана бұл мақсатка жарай алады. Асқазаны қарапайым жылкы, есек, қашыр, шошқа және құс құнарлы азықпен ғана немесе егістің азотка бай органикальщ зат қалдықтарымен ғана қоректене алады.

Мал шаруашылығы өнімдерінде азотсыз, күкіртсіз, фосфорсыз және известерсіз синтез жолымен белок құралмайды, бұл айтылған элементтер шөп, сабан сықылды жай азықтарда өте аз болғандықтан, олардың жеке өзі өнім цехының негізі болып қызмет атқара алмайды. Сондықтан өнімді мал шаруашылығын үйымдастыру үшін, малға берілетін **азықтық** ішінде кұнарлы азықтардың болуы кажет. Бірақ мал жер отымен, **көк** шөппен азықтандырылмаса авитаминоз деген ауруға (витаминнің жоқтығы) шалдырып, оның өнімділігі мықтап кеміп кетеді, олай болса екебектің енімділігі мал шаруашылығының цехында ғана емес, өсімдік шаруашылығында да мол бола алмайды. Сондықтан **мал азықтық базасы** ауыл шаруашылығының бөлінбейтін элементі болып табылады.

Ауыл шаруашылығының басқа өндірісіне карағанда, мал шаруашылығында негізгі өндірістің белгілері анағұрлым құшті, бұл жөнінде мал шаруашылығы өсімдік шаруашылығына ұқсас. Оның алғашкы материалы. бір жағынан, ец түпкі өнімді алуға жүмсалынса, екінші жағынан, энергия қорының міндеттін атқарады, малдың организмі энергия қорының тікелей көмегімен өмір сүреді.

Осымен қатар негізгі өндірістегідей мал шаруашылығының **жұмыс** «машинасы» оның өзінің өнімі болып табылады. Оның үстіне мал **материалдың** тек 25% ғана өнімге айналдырады, ал қалған 75% көмір қышқылы, су және көбінесе көк ретінде қалдықтарға айналады.

Көңіңің ішінде есімдік қоректерінің барлық элементтері, әсіресе, неғұрлым накты бағалы азот өте көп болады. Көңіңің көпшілігі органикальщ заттан құралады. Органикальщ заттың кеп жыйналуы өндірістен соған сәйкес өсімдік қорегін алуына байланысты.

*Егіншілік —
ауылшаруашылық
өндірісінің үшінші
цевхы және оның
міндеттері*

Жасыл есімдік корек элементтерін органикалық зат түрінде сіңірс алмайды. Органикалық зат өсімдікке корек болу үшін жай минералдық қосындылар түрінде бұзылып, ыдырауға тиіс. Органикалық затты бұзып ыдырату міндеті ауылшаруашылық өнімдерінің үшінші цехы — *егіншілікке* жүктеледі. Мал шаруашылығы пайдалана алмайтын ақыздың пая қалдықтарын бұзып ыдырату міндеті де соған жүктеледі. Егіншіліктің тірі «машиналары» — топырак микроорганизмдері топыраққа жыйналған органикальщ затты бұзып, ыдыратып, оның элементтерін өсімдікке корек боларлық минералдық элементтерге айналдырады.

Сонымен бірге егіншілік цехының тірі «машиналары» бұдан басқа да маңызды міндет атқарады.

Жасыл есімдіктер жыл сайын жасап шығаратын, ақызда пая қалдықтары күйінде топырак ішінде калып коятын органикалық заттардың бұзылу жағдайларын талдаپ тексергенімізде мал шаруашылығы мен егіс шаруашылығының тығыз байланысты екендігі тағыда айқын **көрінеді**.

Егіс дақылдарының біржылдық есімдіктерінің бәрі дала өсімдіктері формациясына жатады. *Бұл топқа жататын есімдіктердің ец маңызды*

қасиеті — бұл өсімдіктер қурап біткеннен кейін топырақ ішінде қалған оның органикалық өлі заттарын топырақтың микроорганизмдері өте шашац және тольщ бұзып жібереді. Бұл органикалық заттардың барлық **элементтерінің** бәрі 20 күннің ішінде тотықтанған минералды қосындылар түріне айналып кетеді. Минералды қосындылардың бұл түрі біржылдық есімдіктердің қоректеніп даму талаптарына сандай сай келеді. Өсімдіктің қоректенетін корегі жай минералды қосындылар түрінде болу керек екендігі жоғарғы айтылғандардан көрініп отыр.

Оның үстіне, бастапқы өсімдік затын синтез жолымен құру процесі, оны қалпына келтіру процесі болғандықтан, топырақтың ішіндегі өсімдік қорегі тотықтанған қосындылар түрінде болу керек екендігі тағыда анық болады. Өсімдік қорегінің осы түрі құралу үшін біз өсімдіктің бүкіл өсу мерзімінде топыракты борпылдақ күйде ұстауды көздеуіміз тиіс. Бірак топырақ борпылдақ болған кезде микроорганизмдер есімдіктердің пая қалдыштарын да, шіріндісін де ыдыратып бұзып жібереді.

Топырақтың шіріндісі бұзылып ыдыраған соц, ол өзінің мәдени қалпынан және түйіршікті структурасынан айрылады. Түйіршікті структурасынан айырылған топырақ су қорын мол және тұрақты етіп жыйнай алмайды. Мұндай топырақта күздігүнгі, көктемде және ұзак жауын кезінде су терецге қарай жылжып ағатын болады.

Топырақтағы суда көмір қышқылының ертіндісі болғандықтан өсімдіктің қорек элементтерінің тотыққан минералды қосындыларының бәрі **оңай** еріп кету себебінен қорек элементтері сумен бірге шайылып кетеді, өйткені структурасыз топырақтың суында ертінді көмір қышқылы өте көп болады. Оның үстіне, судың темен бойлап ағу себебінен топырактың ішіне кіретін ауаның жолы бөгеліп, өсімдік қорегінің бір бөлегі бастапқы қалпындағы қосындыларға айналып, өсімдік сіңіріп ала алмайтын болып қалады.

Сонымен, топырақ ішінде өсімдікке қорек болатын элементтердің абсолюттік түрде және относительді түрде жетімсіз болуы салдарынан егістің түсімі құбылмалы болып қана коймайды, сонымен бірге кеми **бастайды**.

Мұндай жағдаймен күресу үшін, егістен тұрақты және үздіксіз мол түсім алуды қамтамасыз ету үшін топырақты мәдение қалыпқа келтіру, яғни топырақты *тұрақты түйіршікті структуралы* ету керек. Мұны істеу үшін топырақтың ішінде әсерлі шіріндіні молайту керек болады.

Егіннен үнемі немесе тұрақты мол түсім алуды қамтамасыз етуге **керекті** әсерлі шіріндіні көбейтіп жыйнау ісі ауылшаруашылық өндірісінің жағдайларында тек *шабындық өсімдіктер формациясы дақылдарын егу арқылы ғана орындалады*. Осы есімдіктер ғана топырақтың ішінде органикалық зат қорының жыйналуына көмектеседі, бұл есімдіктер өсікен кезде жыйналған органикалық затты топырақтың микрофлорасы тез арада бұзып ыдырата алмайды.

Топыракты мәдени қалыпқа келтіре алатын шірінді жыйнау ісін тек осы жолмен ғана орындауға болады. Егіннен мол түсім алу ғана емес, мол түсімді баянды ету және оны үздіксіз молайта беру топырақтың **мәдени қалпына** байланысты болады.

Ауылшаруашылық өнімдерін тұрақты етіп, үздіксіз молайга беру — ауылшаруашылық өндірісінің ең негізгі, ең басты, ең түпкі мәселесі болып табылады.

Бұл міндет, ауылшаруашылық өнімін үздіксіз молайта беруді баянды ету міндетті немесе топырақ құнарының үздіксіз арта беруіне жағдай